

Б Е К І Т І Л Д І

Семей қаласының Шәкәрім атындағы
Университеті» КЕАҚ

Директорлар кеңесінің шешімімен
(202__ жылғы «__» _____ №__ хаттама



**Семей қаласының Шәкәрім атындағы Университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА
ҚАРСЫ САЯСАТЫ**

Семей
2023



МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....	4
2. Қолданылу саласы.....	5
3. Терминдер мен анықтамалар.....	6
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары	10
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары.....	12
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға және функционалды бөлуге жауаптылар.....	15
7. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары және оны орындау жөніндегі міндеттемелер	18
8. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің міндеттері.....	20
9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің негізгі бағыттары.....	21
10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша алдын алу шаралары	22
11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт.....	24
12. Қаржылық бақылау шаралары, ішкі бақылау және аудит	26
13. Мүдделер қақтығысын болғызбау және оны реттеу.....	28
14. Сыйлықтармен және өкілдік шығыстармен жұмыс істеудің жалпы ережелері.....	29
15. Қайырымдылық қызметке және демеушілікке қатысу.....	31
16. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер.....	31
17. Персоналды басқару.....	33
18. Контрагенттермен және өзге де тұлғалармен, ұйымдармен өзара іс-қимыл кезіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар	34
19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастық.....	36
20. Қоғам қызметкерлеріне кеңес беру және оқыту.....	37
21. Құпия ақпарат	39



22. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабардар ету, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды қызметтік тергеп-тексеру	39
23. Қызметкерлер мен білім алушылардың жауапкершілігі ..	40
24. Қорытынды ережелер	41
№ 1 қосымша	42
№ 2 қосымша	43
№ 3 қосымша	45
№ 4 қосымша	47



1. Жалпы ережелер

1.1. Осы «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты (*бұдан әрі — Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, Саясат*) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының ережелеріне, Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына, сондай-ақ Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ (*бұдан әрі — Қоғам, Университет*) Жарғысы мен өзге де ішкі (жергілікті) нормативтік актілеріне, құжаттарына сәйкес әзірленді және Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді жүйесін құруға, қызметкерлердің, профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыруға бағытталған.

1.2. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Университетте сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылдың негізгі мақсаттары мен міндеттерін, процеске қатысушылардың, оның ішінде жеке, заңды тұлғаларды, мемлекеттік органдар мен олардың өкілдерін қоса алғанда, үшінші тұлғалармен қатынастарда сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу қағидаттары мен ұйымдастырылуын, олардың міндеттерін, функцияларын, өкілеттіктері мен жауапкершілігін айқындайтын Қоғамның базалық құжаты болып табылады.

1.3. Университет өз қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің кез келген түріне төзбеушілік қағидатын ұстанады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алудың басқарушылық және ұйымдастырушылық негіздерін, сондай-ақ олардың салдарларын барынша азайту жөніндегі шараларды белгілейді.

1.4. Осы Саясатта анықталатын талаптармен барлық қызметкерлер (Университеттің профессор-оқытушылар құрамы, әкімшілік-басқару аппараты, білім алушылары) танысуы және оларды сақтауы міндетті.



1.5. Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет аясында жүзеге асырылатын іс-шараларды Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысы және Басқарма мүшесі, әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор үйлестіреді.

1.6. Университет қызметкерлерден *(атқаратын лауазымына қарамастан)* белгіленген шектеулерді ескере отырып, Қоғамның Корпоративтік әдеп кодексінде белгіленген белгілі бір этикалық қағидаттар, осы Саясаттың әдіс-тәсілдері мен талаптары негізінде келісім күтеді *(№1 қосымша)*.

1.7. Университет пен қызметкерлердің осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың талаптарын консультанттарды немесе басқа да үшінші тұлғаларды қоса алғанда контрагенттердің қызметі арқылы айналып өтуге құқығы жоқ.

1.8. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ішкі (жергілікті) нормативтік актілерін және басқа да құжаттарын әзірлеу және қабылдау үшін негіз болып табылады.

2. Қолданылу саласы

2.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат атқаратын лауазымына, атқаратын функциялары мен жұмыс мерзіміне қарамастан, Қоғамның барлық қызметкерлеріне қолданылатын жалпыға міндетті нормалар мен қағидаларды қамтиды.

2.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың жекелеген нормалары Қоғам контрагенттермен, үшінші тұлғалармен жасасатын өзге шарттық қатынастарға *(шарттар, келісімшарттар, келісімдер және т.б.)* Қоғам түсетін жеке және (немесе) заңды тұлғаларға да қолданылады.

2.3. Қоғамның барлық қызметкерлеріне тікелей немесе жанама, жеке өзі немесе делдалдар арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының туындауына әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттерге қатысуға тыйым салынады.

2.4. Осы Саясат Университеттің ресми интернет-ресурсында орналастыруға жатады.



3. Терминдер мен анықтамалар

3.1. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатта келесідей терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) *сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат* — сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар және ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес өзге де шаралар;

2) *сыбайлас жемқорлық* — жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы адамдарды параға сатып алу;

3) *сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл* — сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;

4) *сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган* — Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыру мен іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері;



5) *сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық* — бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

6) *сыбайлас жемқорлық тәуекелі* — сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

7) *сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер* — ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңында белгіленген және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер;

8) *сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт* — Қоғамның қызметі үшін белгіленген, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі.

9) *сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс* — тиісті ұйымның, оның қызметкерлерінің және білім алушылардың Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған, Қоғам ұстануға міндетті халықаралық шарттарда көзделген өзге де сыбайлас жемқорлыққа қарсы реттеушілік талаптарды, сондай-ақ Қоғамның көрсетілген талаптарды орындау жөніндегі саясат пен рәсімді белгілейтін ішкі құжаттарын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

10) *сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе* — орындалуы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған талапты қамтитын шарттың немесе өзге де құжаттың ережесі;

11) *мүдделер қақтығысы* — жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;



12) *жеке мүдделілік* — еңбек міндеттерін орындауға байланысты қоғам қызметкерінің өзі немесе үшінші тұлғалар үшін ақша, құндылықтар, өзге де мүлік, оның ішінде мүліктік құқықтар немесе мүліктік сипаттағы қызметтер түріндегі кірістерді алу мүмкіндігі;

13) *іскерлік әдеп* — Қоғам қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары өз қызметінде басшылыққа алатын моральдық және этикалық қағидаттардың, іскерлік қарым-қатынас пен қызметтік мінез-құлықтың жиынтығы;

14) *лауазымды тұлғалар* — Директорлар кеңесінің мүшелері, атқарушы органның (басқарманың) мүшелері, Қоғамның басшылық құрамының өзге де тұлғалары;

15) *Университет қызметкері* — жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты, келісімшарт бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға;

16) *білім алушы* — Университетте білім алатын тұлғалар;

17) *контрагент* — Университетпен жасалатын мәміле бойынша тарап.

18) *академиялық адалдық* — оқу және оқыту процесінде, оның ішінде жазбаша жұмыстарды орындау, оларды бағалау кезінде, плагиаттан аулақ болу, академиялық стандарттарды ұстану, ғылыми зерттеулер мен жарияланымдарда, сондай-ақ білім беру процесіне қатысушылардың өзара қарым-қатынастарында адалдық пен қағидаттылықты сақтау тәрізді ұстанымдарды қамтитын, университет қоғамдастығының әрбір мүшесінің мінез-құлқын айқындайтын моральдық-адамгершілік нормалардың, қағидаттар мен құндылықтардың жиынтығы;

19) *плагиат* — басқаның еңбегінің, академиялық, ғылыми, зерттеу, публицистикалық және талдау қызметінің нәтижелерін қасақана немесе абайсызда, толық немесе ішінара заңсыз пайдалану, иемдену немесе қорғалатын нәтижелерімен иелік ету, ол басқа адамдарға нағыз автор ретінде өзі туралы жалған мәліметтерді жеткізумен сүйемелденеді;

20) *көшіру* — білім алушының немесе қызметкердің өзгенің зияткерлік өнімін көшіруді білдіретін теріс пиғылды мінез-құлқы;



21) *қайталау* — егер білім алушы оның авторы болып табылса да, профессор-оқытушылар құрамының (ПОҚ) алдын ала рұқсатынсыз басқа курста бұрын бағаланған кез келген жұмысты өзінің жеке, ішінара немесе толық жұмысы ретінде ұсыну әрекетін қоса алғанда, әртүрлі бағалау және талаптар шеңберіндегі бір жұмысты таныстыру;

22) *бұрмалау* — академиялық жазбаларды немесе басқа да құжаттарды; деректерді (ғылыми эксперимент кезіндегі бақылауларды, жазбаларды, сауалнама нәтижелерін қолдан жасауды); академиялық жұмыстағы қолдарды; академиялық жұмысты әдейі қолдан жасау немесе бүлдіру;

23) *жасыру* — академиялық өнімде жалған мәліметтерді жоқсыз ұсыну туралы ақпаратты айтпау және жасыру; зерттеулер мен эксперименттердің деректері мен нәтижелерін ауыстыру; зерттеу барысында алынған жалған ақпарат беру;

24) *сөз байласу* — басқа білім алушы үшін тексеруге және бағалауға жататын кез келген академиялық жұмысты орындау туралы білім беру процесі субъектілері арасындағы өзара келісушілік;

25) *әкімшілік-шаруашылық функциялар* — Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен берілген ұйымның теңгеріміндегі мүлікті басқару және оған билік ету құқығы;

26) *ұйымдастырушылық-өкімдік функциялар* — қызметі бойынша бағынысты адамдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығаруға, сондай-ақ бағынысты адамдарға қатысты көтермелеу шараларын және тәртіптік жазалар қолдануға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген құқық;

27) *мониторинг* — мақсаты Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау, жүйені жетілдіру болжамдарын әзірлеу, мәліметтер мен деректерді талдау мен бағалауға құрылған қолданылатын шаралар бойынша жүргізілетін іс-шаралардың тиімділігін қамтамасыз етуді байқау болып табылатын рәсім;



28) *сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау* — Қоғамның сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау жөніндегі қызметі;

3.2. Осы Саясатта қолданылатын, бірақ ашылмаған анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында және өзге де ішкі (жергілікті) актілерінде, құжаттарында пайдаланылатын анықтамаларға сәйкес келеді.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары

4.1. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Университет қызметкерлері мен білім алушыларының құқыққа қарсы, әдепке жат сыбайлас жемқорлық мінез-құлық жағдайларын анықтау, алдын алу және азайту мақсатында әзірленді.

4.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Университеттің барлық қызметкерлері мен басшыларында, білім алушыларында Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы талаптарын бұзуы мүмкін жағдайлар мен іс-әрекеттердің, оның ішінде ықтимал жағдайлардың алдын алу және жолын кесу үшін сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің мәнін, олардың нысандары мен көріністерін біркелкі түсінуді қалыптастыруға бағытталған.

4.3. Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты енгізудің негізгі мақсаттары:

1) азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға байланысты келеңсіз процестер мен құбылыстардан қорғауды қамтамасыз ету, азаматтардың Қоғам қызметіне сенімін нығайту;

2) атқаратын лауазымына қарамастан, Қоғам қызметкерлерінде, білім алушыларында, контрагенттерде және өзге де тұлғаларда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты біркелкі түсінуді, сыбайлас жемқорлықты кез келген көріністер мен нысандарда қабылдамауды, сыбайлас жемқорлық мінез-құлыққа төзбеушілікті қалыптастыру болып табылады;

3) Қоғамды, оның қызметкерлерін және білім алушыларын сыбайлас жемқорлық қызметке тарту тәуекелін барынша азайту;



4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;

5) Университетте қолданылатын Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының негізгі талаптарын қорыту және түсіндіру.

4.4. Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты енгізудің мынадай міндеттері белгіленеді:

1) Университетте сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және оның алдын алудың негізгі қағидаттары мен қағидаларын белгілеу;

2) сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің профилактикасына және Университетті, оның қызметкерлері мен білім алушыларын сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттеріне тарту тәуекелдерін барынша азайтуға бағытталған тиімді тетіктерді, рәсімдерді, бақылау және өзге де іс-шараларды әзірлеу;

3) Университет іске асыратын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар тізбесін, стандарттар мен рәсімдерді, оларды орындау тәртібін белгілеу;

4) сыбайлас жемқорлық факторларының мониторингі және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру жөніндегі шаралардың тиімділігі;

5) этикалық мінез-құлық мәдениетін және сыбайлас жемқорлық бағытындағы барлық көріністерге төзбеушілікті, оның ішінде Университет қызметкерлері мен білім алушылары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың бірыңғай стандартын қалыптастыру;

6) Университет қызметінің барлық деңгейлерінде стратегиялық және жедел басқаруға сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттарды интеграциялау;

7) басқарудың тиімділігін, Университет ұсынатын білім беру қызметтерінің сапасы мен қолжетімділігін арттыру;

8) сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен жағдайларын барынша азайту және алдын алу мақсатында Университеттің оқу-



тәрбие, ғылыми және ұйымдастыру-әдістемелік қызметінің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру;

9) қызметтің ашықтығы мен айқындығы, азаматтардың Университет қызметі туралы ақпаратқа қол жеткізу құқықтарын іске асыруға жәрдемдесу;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихат;

11) азаматтар мен ұйымдардың сыбайлас жемқорлық фактілері және сыбайлас жемқорлық факторлары туралы ақпаратқа қол жеткізуіне, сондай-ақ олардың бұқаралық ақпарат құралдарында еркін жариялау құқықтарын іске асыруға жәрдемдесу;

12) Университеттің Директорлар кеңесін сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттері және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шеңберінде қолданылатын шаралар туралы хабардар ету;

13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты тұлғалардың тізімін анықтау;

14) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға қатысы бар тұлғаларға қатысты жауапкершілік шараларын қолдану.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары

5.1. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл:

1) заңдылық;

2) адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;

3) жариялылық пен ашықтық;

4) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жасауы;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсетін адамдарды көтермелеу;



8) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

5.2. Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі мынадай түйінді қағидаттарға негізделеді:

1) *заңдылық қағидаты* — Қоғамда іске асырылатын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңнамасының, Қазақстан Республикасы ратификациялаған және жасасқан халықаралық шарттар мен келісімдердің, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, Қоғамның қызметінде қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ішкі (жергілікті) нормативтік актілер мен құжаттардың талаптарына сәйкес келеді;

2) *сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік қағидаты* — Қоғам өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандары мен көріністерін толық қабылдамау қағидатын ұстанады. Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік қағидаты Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері үшін Қоғамның атынан немесе оның мүддесінде тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі не қандай да бір делдалдық арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға қатаң тыйым салуды білдіреді;

3) *сыбайлас жемқорлық көріністеріне келіспейтін қатынасты басқарудың жеке мысалы қағидаты* — Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруда және Қоғамда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы іс-қимылдың тиімді жүйесін құруда негізгі рөл атқарады. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының мүшелері қызметкерлер мен контрагенттерге барлық деңгейдегі сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандары мен көріністеріне төзбеушілікті қалыптастырады және көрсетеді, осы қағидатты жеке мысалда сақтайды және іске асырады;

4) *қызметкерлерді тарту қағидаты* — Қоғамның жұмыскерлері мен білім алушыларының назарына сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптары туралы ақпарат жеткізіледі



және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуы жүзеге асырылады;

5) *сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің сыбайлас жемқорлық тәуекеліне мөлшерлес болу қағидаты* — тұтас алғанда Қоғамның және оның жекелеген бөлімшелерінің қызметіне тән сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ескере отырып жүзеге асырылатын, Қоғам қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық қызметке тарту ықтималдығын азайтуға мүмкіндік беретін іс-шаралар кешенін әзірлеу және орындау;

6) *сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдер мен іс-шаралардың тиімділігі қағидаты* — Қоғамда барынша жоғары нәтиже алуға бағытталған, бейтарап, оларды іске асыру кезінде қарапайымдылығымен және ашықтығымен, сондай-ақ Қоғамда шығындардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мақсаттары үшін қолданылатын шараларға мөлшерлес болуымен қамтамасыз етілетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдер мен іс-шараларды қолдану;

7) *тиісті сақтық қағидаты* — Қоғам іскерлік/еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдау алдында үшінші тұлғалар мен жұмысқа орналасуға кандидаттарды олардың сенімділігі, сыбайлас жемқорлықты қабылдамау және мүдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады;

8) *өзара іс-қимыл және үйлестіру қағидаты* — Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласында мемлекеттік органдармен және үшінші тұлғалармен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесінде іс-қимылды үйлестіруді қамтамасыз етеді;

9) *жауапкершілік пен жазаның бұлтартпастығы қағидаты* — өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде қызметкерлер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда Қоғам атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өзге де жағдайларға қарамастан, оларға қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен жазалаудың бұлтартпастығы туралы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға Қоғам басшылығының жауап-



кершілігі туралы мәлімдейді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың басқа субъектілерін жауапкершілікке тарту құқықтық қатынастардың тиісті түрі үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады;

10) *бақылау және мониторинг қағидаты* — Қоғамда енгізілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдердің тиімділігін тұрақты байқау және мониторингтеу, сондай-ақ олардың орындалуын бақылау жүзеге асырылады;

11) *ашықтық қағидаты* — Қоғамда жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат туралы жұртшылықты хабардар ету.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға және функционалды бөлуге жауаптылар

6.1. Қоғамда осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыруды ұйымдастыруға жауаптылар: Директорлар кеңесі (Аудит жөніндегі комитет), Басқарма төрағасы-Ректор, Университеттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысы болып табылады.

6.2. Қоғамның Директорлар кеңесі (Аудит жөніндегі комитет) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың мақсаттарын, міндеттері мен қағидаттарын айқындайды, осы Саясатты Қоғамға енгізу мен қолданудың жалпы нәтижелерін бақылайды.

6.3. Басқарма Төрағасы-Ректор, Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдерді әзірлеуге, оларды енгізу мен бақылауға, осы Саясатты сақтау жөніндегі іс-шараларды іске асыру туралы есептерді ұсынуға жауапты құрылымдық бөлімшелерді айқындауды қоса алғанда, осы Саясаттың мақсаттарын, міндеттері мен қағидаттарын іске асыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыруға жауап береді.

6.4. Басқарма Төрағасы-Қоғам Ректоры өз бұйрығымен Университеттің белгіленген міндеттеріне, қызметінің ерекшелігіне, штат санына, ұйымдық құрылымына қарай жетекшілік ететін проректорлар, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен факультет декандары қатарынан олардың құзыретін еске-



ре отырып, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауаптыларды тағайындайды, сондай-ақ корпоративтік әдеп нормаларын сақтау және мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі комиссияны және басқа да қажетті комиссияларды құрады.

6.5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты тұлғалардың негізгі міндеттері:

1) Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша шешімдер қабылдау үшін ұсынымдар дайындау;

2) Университетте сыбайлас жемқорлық көріністерінің туындау тәуекелін тудыратын себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған ұсыныстар дайындау;

3) құзыретіне сәйкес сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі шараларды іске асыруға бағытталған ішкі (жергілікті) нормативтік актілер мен құжаттардың жобаларын әзірлеу және Университеттің Директорлар кеңесіне, басқармасына және Ғылыми кеңесіне бекітуге ұсыну;

4) Университет қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтауға бағытталған бақылау іс-шараларын жүргізу;

5) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметімен өзара іс-қимыл жасай отырып, қызметкерлерді мүдделерде немесе өзге ұйымның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру жағдайлары туралы, сондай-ақ Қоғам қызметкерлерінің, контрагенттерінің немесе өзге де тұлғалардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау жағдайлары туралы хабарламаларды қабылдау және қарау;

6) мүдделер қақтығысы туралы декларацияларды толтыру және қарау бойынша жұмысты ұйымдастыру;

7) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бағалау жүргізуді ұйымдастыру;

8) сыбайлас жемқорлықтың профилактикасы мен оған қарсы іс-қимыл және жұмыскерлерге жеке кеңес беру мәселелері бойынша оқыту іс-шараларын ұйымдастыру;

9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихатты ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;



10) бақылау-қадағалау және құқық қорғау органдарының уәкілетті өкілдеріне олардың Қоғамдағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі қызметіне тексерулер жүргізуі кезінде жәрдем көрсету;

11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс нәтижелеріне бағалау жүргізу, тиісті есептік материалдарды дайындау және оларды Регламентте белгіленген мерзімде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жіберу.

6.6. Барлық қызметкерлер өздерінің функционалдық міндеттерін орындауға байланысты Қоғамдағы лауазымына және жұмыс өтіліне қарамастан:

1) Осы саясаттың ережелерін басшылыққа алуға және оның қағидаттары мен талаптарын мүлтіксіз сақтауға;

2) Қоғам мүддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудан және (немесе) оған қатысудан аулақ болуға;

3) басқалардың Қоғам мүддесі үшін немесе оның атынан құқық бұзушылық жасауға немесе оған қатысуға әзірлігі ретінде түсіндірілуі мүмкін мінез-құлықтан аулақ болуға;

4) қызметкерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ниеттену немесе көндіру жағдайлары туралы тікелей басшыны және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің дереу хабардар етуге;

5) тікелей басшыға және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне қызметкерде мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігі не туындағаны туралы дереу хабарлауға міндетті.

6.7. Университеттің барлық білім алушылары:

1) Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың ережелерін басшылыққа алуы және оның қағидаттары мен талаптарын мүлтіксіз сақтауы;

2) айналасындағылардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға немесе оған қатысуға әзірлігі ретінде түсіндіруі мүмкін мінез-құлықтан аулақ болуы тиіс.



7. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары және оны орындау жөніндегі міндеттемелер

7.1. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес жауапкершілік көзделген сыбайлас жемқорлық қылмыстар/ құқық бұзушылықтар мыналар болып табылады (бірақ санамаланғандармен шектелмейді):

мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар:

1) лауазымды тұлға тарапынан өзінің қызмет бабын пайдалануы негізінде жасалған сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу;

2) лауазымды тұлға тарапынан өзінің қызмет бабын пайдалануы негізінде жасалған қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату);

3) лауазымды тұлға тарапынан өзінің қызмет бабын пайдалануы негізінде жасалған экономикалық контрабанда;

4) лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану, билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану;

5) кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу;

6) заңды кәсіпкерлік қызметпен айналысуға кедергі жасау;

7) пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу;

8) қызметтік жалғандық жасау;

9) қызметтегі әрекетсіздік;

10) салғырттық.

әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар:

1) жеке және заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі;

2) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алуы;

3) заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі;

4) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы және заңсыз кірістер алуы;



5) мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамауы;

6) бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау.

7.2. Қоғам, оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын, сондай-ақ осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтауға міндетті. Осы Саясатты іске асыру кезінде Қоғам оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе үшінші тұлғалар арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға, сондай-ақ келесідей сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасауға:

1) пара беруге бағытталған құқыққа қарсы әрекеттерді ұсынуға, уәде етуге немесе жүзеге асыруға, яғни қандай да бір адамды оның лауазымдық міндеттерін тиісті түрде орындамауға итермелеу ниетімен кез келген қаржылық немесе өзге де пайданы/артықшылықты ұсынуға немесе ұсынуға уәде беруге;

2) параны талап етуге, қабылдауға немесе қабылдауға келісуге, яғни өзінің лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін кез келген қаржылық немесе өзге де пайданы/артықшылықты алуға немесе алуға келісуге;

3) заңнамада көзделгендерден басқа төлемдерді ұсынуға, уәде етуге немесе жүзеге асыруға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға белгіленген рәсімдерді жылдамдатқаны немесе жеңілдеткені үшін сыйлықтар беруге;

4) төлемдер белгіленген рәсімдерді жеделдету немесе оңайлату үшін пайдаланылуы мүмкін деген күдік болған кезде үшінші тұлғаларға төлемдерді ұсынуға, уәде беруге немесе жүзеге асыруға;

5) жеке пайда табу үшін Қоғамға жұмысқа орналастыруды ұсынуға, уәде етуге немесе жұмысқа орналастыруға (оның ішінде уақытша негізде);

6) үшінші тұлғалардан артық немесе жалған төлемдерді қабылдауға немесе қабылдауға ықпал етуге;



7) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарына және Қоғамның ішкі (жергілікті) нормативтік актілері мен құжаттарына қайшы келетін сыйлықтар немесе қонақжайлық белгілерін сыйға тартуға немесе алуға тыйым салынатынын негізге алады.

8. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің міндеттері

8.1. Қоғамның лауазымды тұлғалары өздерінің кәсіби қызметінде мынадай мінез-құлық нормаларын қатаң сақтауы тиіс:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Саясаттың талаптарын орындау;

2) іскерлік қатынастарда адал және парасатты болу, лауазымдық міндеттерін атқарудың кез келген теріс пиғылды тәсілдерінен аулақ болу;

3) Қоғамның беделін түсіретін іс-әрекеттер жасауға жол бермеу;

4) Қоғамның қызметтік жағдайын және құпия ақпаратты, материалдық және материалдық емес активтерін жеке мақсатта пайдаланбау;

5) құқыққа сыйымсыз әрекеттерге не олардың заңдылығы мен әдептілігіне қатысты күдік тудыруы мүмкін әрекеттерге жол бермеу;

6) әріптестерден сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары құқықтық мәдениетті сақтауды талап ету және қолдау;

7) табыс алумен байланысты кәсіпкерлік қызметті және (немесе) өзге де қызметті жүзеге асыру барысында біреуге көмек көрсетуден бас тарту;

8) басқа қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзшылықтар жасауға бейімдеу және мұндай әрекеттерді көтермелеу;

9) лауазымдық міндеттердің бұзылуына жол бермеу және белгіленген тәртіппен мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды қабылдау.



8.2. Қоғам қызметкерлері:

1) Қоғам мүддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудан және (немесе) оған қатысудан аулақ болуға;

2) айналасындағылар Қоғам мүддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға немесе оған қатысуға дайын деп түсіндіруі мүмкін мінез-құлықтан аулақ болуға;

3) тікелей басшыға және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне қызметкердің мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігі не туындағаны туралы хабарлауға міндетті. Өз іс-әрекеттерінің дұрыстығына немесе кез келген басқа мінез-құлық нормаларына күмән туындаған кезде Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері жоғары тұрған басшылыққа және Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жүгіне алады.

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің негізгі бағыттары

9.1. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің негізгі бағыттары:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында Қоғамның бірыңғай саясатын жүргізу;

2) сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды қамтамасыз ететін ішкі (жергілікті) нормативтік актілер мен құжаттарды әзірлеу және енгізу;

3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды жоспарлау, жүргізу және талдау;

4) мемлекеттік органдармен, сыртқы ұйымдармен, сондай-ақ азаматтармен және азаматтық қоғам институттарымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қоғамның өзара іс-қимылының тиімді тетігін құру;

5) Қоғам қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға неғұрлым белсенді қатысуға тартуға, олардың санасында сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына теріс қатынасты қалыптастыруға бағытталған әкімшілік және өзге де шараларды қабылдау;



6) қызмет көрсету кезінде ашықтықты, адал бәсекелестікті және объективтілікті қамтамасыз ету;

7) басқару жүйесінің ашықтығын, Қоғам қызметі туралы ақпаратқа қол жеткізуді, анық деректер негізінде басқарушылық шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету;

8) кешенді әлеуметтік зерттеулер негізінде сыбайлас жемқорлық деңгейі бойынша жоғары оқу орындарының жария рейтингтеріне қатысу;

9) білім беру процесіне қатысушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын қалыптастыру мақсатында құқықтық пәндерді оқыту;

10) университетте ғылыми плагиатты анықтау және оның алдын алу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру;

11) білім алушылардың ұсыныстары мен шағымдарына арналған «ректор блогының» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысы блогының», «жедел желінің», «сенім жәшіктерінің» және т.б. жұмыс істеуі;

12) әлеуметтік сауалнамалар, оның ішінде «Оқытушы студенттер көзімен» сауалнамасы, «Таза сессия» акциясы шеңберіндегі сауалнамалар және т.б. арқылы білім алушылардың қанағаттанушылығына мониторинг жүргізу;

13) «Samalі Yғraq» студенттік клубының жұмыс істеуі, студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарымен және азаматтық қоғам құрылымдарымен өзара іс-қимыл жасау.

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша алдын алу шаралары

10.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Университет қызметінде өз өкілеттіктері шегінде көрінеді:

1) кез келген нысандағы сыбайлас жемқорлық әрекеттерге төзбеушілікті қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;

3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл саласында корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру;



4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың профилактикасы;

5) осы Саясаттың ережелері мен талаптарын университеттің барлық қызметкерлері мен білім алушыларына жеткізу;

6) іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді оларды ұсынған адамдардың пайдасына қабылдауға жол бермеу, егер мұндай іс-әрекеттер мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса немесе осы адамдар лауазымдық жағдайына байланысты осындай іс-әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, оған жол бермеуі тиіс.

10.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындауы мүмкін Университет қызметінің бағыттары:

1) сыйлықтар және өкілдік шығыстар;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне үшінші тұлғаларды тарту;

3) персоналды басқару;

4) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.

10.3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау және басқалары.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау деп сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу жөніндегі қызмет түсініледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды құрылымдық бөлімше, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің бірінші басшысы айқындайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге уәкілетті адам немесе оның шешімімен құрылатын жұмыс тобы жүргізеді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің мерзімділігін университет айқындайды.

10.4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) университеттің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;



2) университеттің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Университеттің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар анықталады.

10.5. Университеттің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі деп келесі мәселелер түсіндіріледі:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы;
- 2) мүдделер қақтығысын реттеу;
- 3) мемлекеттік қызметтер көрсету;
- 4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) бақылау функцияларын іске асыру;
- 6) ұйымдастыру - басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

10.6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі және сыртқы талдау нәтижелері бойынша мыналарды:

- 1) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпаратты;
- 2) оларды жою бойынша ұсынымдарды;
- 3) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдарды іске асыру мерзімдерін қамтитын талдамалық анықтама дайындалады.

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдары бар талдамалық анықтама Университеттің Директорлар кеңесіне, Басқарма Төрағасы - Ректорына қарау және шаралар қабылдау үшін енгізіледі.

11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт

11.1. Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандарттарын енгізу мақсатында Университетте іскерлік қатынастар әдебін қозғайтын және қызметкерлердің және жалпы Қоғамның әдептік, адал мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған жалпы ережелер мен мінез-құлық қағидаттары белгіленеді.

Мұндай қағидалар мен мінез-құлық қағидаттары Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта, Корпоративтік әдеп кодексінде, сондай-ақ өзге де актілерде бекітіледі.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт - университет қызметі үшін белгіленген сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт университеттің ішкі құжаттарын әзірлеу кезінде ескеріледі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт университетте жұмыс істейтін адамдардың іс-әрекеттері мен шешімдерін анықтайды және олардың ішкі (жергілікті) нормативтік актілерде, құжаттарда белгіленген мінез-құлық нормалары мен қағидаларын сақтауына бағытталған.

11.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтауға, осы саладағы құқықтық мәдениетті арттыруға, кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділік атмосферасын қалыптастыруға және олардың Қоғам мен оның қызметкерлерінің және білім алушыларының қызметіндегі жағымсыз салдарлардың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін құру.

11.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізгі міндеттері:

1) өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қоғам қызметкерлерінің, профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқы мен мәдениетін қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау, сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды жою, олардың жағымсыз салдарларының алдын алу;

3) сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне құқықтық сауаттылықты және нөлдік төзімділікті арттыру;

4) мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу, корпоративтік әдеп қағидаларын сақтау;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жүзеге асыратын мемлекеттік органдармен, қоғамдық бірлестіктермен және өзге де ұйымдармен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасасу.



12. Қаржылық бақылау шаралары, ішкі бақылау және аудит

12.1. Барлық қаржылық операциялар ұқыпты, дұрыс және Қоғамның бухгалтерлік есебінде жеткілікті деңгейде егжей-тегжейлі көрсетілуі, құжатталуы және тексеруге қол жетімді болуы керек.

12.2. Қоғамда заңнамалық актілерде белгіленген мерзімде толық және дұрыс бухгалтерлік есептілікті дайындау және ұсыну үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жауаптылықта болатын қызметкерлер тағайындалады.

12.3. Қаржылық бақылау шараларын жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар мен олардың жұбайы (зайыбы) кірістері мен мүлкі туралы декларацияны ұсынады.

Кірістері мен мүлкі туралы декларация Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жасалады және Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған нысан бойынша, тәртіппен және мерзімдерде ұсынылады.

Кірістері мен мүлкі туралы декларацияны ұсынбау немесе мұндай декларацияларда толық емес, анық емес мәліметтерді ұсыну, егер жасалған әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

Есепті күнтізбелік жылдан кейінгі жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірілмейтін мерзімде жариялануға Қоғамда басқарушылық функцияларды орындайтын тұлғалар табыс еткен декларацияларда көрсетілген мәліметтер жатады.

12.4. Ішкі бақылау жүйесі Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға және анықтауға ықпал етеді. Бұл ретте қаржылық (бухгалтерлік) есептіліктің сенімділігі мен анықтығын қамтамасыз ету және Қоғам қызметінің нормативтік құқықтық актілердің және ішкі (жергілікті) нормативтік актілердің, құжаттардың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету сияқты ішкі бақылау және аудит жүйесінің міндеттерін іске асыру барынша мүдделілікті тудырады.



Бұл үшін ішкі бақылау және аудит жүйесі Қоғам іске асыратын сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың талаптарын, оның ішінде:

1) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және ескерту жөніндегі жұмыс тұрғысынан маңызды әртүрлі ұйымдастырушылық рәсімдер мен қызмет ережелерінің сақталуын тексеруді;

2) Қоғамның шаруашылық қызметінің операцияларын құжаттауды бақылауды;

3) сыбайлас жемқорлық тәуекелі саласында жүзеге асырылатын операциялардың экономикалық негізділігін тексеруді ескереді.

12.5. Шаруашылық қызметінің операцияларын құжаттауды бақылау ең алдымен Қоғамның қаржылық (бухгалтерлік) есептілігін жүргізу міндетімен байланысты және тиісті бұзушылықтардың алдын алуға және анықтауға бағытталған. Атап айтқанда: бейресми есептілікті жасау, жалған құжаттарды пайдалану, болмаған шығыстарды жазу, бастапқы есепке алу құжаттарының, құжаттар мен есептіліктегі түзетулердің болмауы, белгіленген мерзімнен бұрын есептілік құжаттарын жою және т.б.

12.6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелі салаларында жүзеге асырылатын шаруашылық қызмет операцияларының экономикалық негізділігін тексеру іскерлік сыйлықтар алмасуға, өкілдік шығыстарға, қайырымдылық қайырмалдықтарға, сыртқы консультанттарға және басқа да салаларға сыйақыларға қатысты жүргізіледі. Мұндай жағдайда заңсыз әрекеттердің мән - жайларының-индикаторларының болуына назар аудару керек, мысалы:

1) сипаты анықталмаған не күмән тудыратын қызметтерге ақы төлеу;

2) қымбат бағалы сыйлықтар беру, көлік, ойын-сауық қызметтеріне ақы төлеу, жеңілдетілген шарттармен қарыздар беру, сыртқы консультанттарға, мемлекеттік немесе жергілікті атқарушы және биліктің өкілді органдарына, үлестес тұлғалар мен контрагенттердің қызметкерлеріне өзге де құндылықтар немесе игіліктер беру;

3) делдалға немесе сыртқы консультантқа мөлшері ұйым үшін әдеттегі төлемнен немесе қызметтің сол түрі үшін төлемнен асатын сыйақы төлеу;



4) нарықтық бағадан айтарлықтай ерекшеленетін бағалар бойынша сатып алу немесе сату;

5) қолма-қол күмәнді төлемдер.

12.7. Қоғамда тұрақты негізде қаржы-шаруашылық қызметіне ішкі аудит, бухгалтерлік есепте деректердің толық және дұрыс көрсетілуіне және заңнама мен Қоғамның ішкі (жергілікті) нормативтік актілері, құжаттары талаптарының, оның ішінде осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарының сақталуына бақылау жүргізіледі.

12.8. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің мониторингін тәуелсіз аудиторлық ұйымдар жүзеге асыруы тиіс. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында ерекшеліктері бар білім беру ұйымдарын қоспағанда, осы қызметті көрсететін ұйымды таңдауды мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жүргізу қажет.

13. Мүдделер қақтығысын болғызбау және оны реттеу

13.1. Қоғам қызметкерлерінің қызметіндегі мүдделер қақтығысын уақтылы анықтау сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алудың негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Қоғам мүдделер қақтығысына байланысты тәуекелдердің алдын алуға және оларды реттеуге ерекше назар аударады.

13.2. Университеттегі мүдделер қақтығысы университет қызметкерінің жеке қызығушылығы (тікелей немесе жанама) университеттің, үшінші тұлғалардың немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін лауазымдық міндеттерін объективті және бейтарап орындауына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдайларда туындайды.

Қызметкердің өз міндеттерін тиісінше орындауына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жеке мүддесі деп оның лауазымдық міндеттерін орындау кезінде үшінші тұлғалардан ақша, құндылықтар, өзге де мүлік немесе мүліктік сипаттағы қызметтер, өзі үшін немесе үшінші тұлғалар үшін өзге де мүліктік құқықтар түрінде табыс алу мүмкіндігі түсініледі.

13.3. Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер өз міндеттерін орындау кезінде Қоғамның мүдделерін басшылыққа алуға және



олардың жеке мүдделері Қоғамның мүдделеріне қайшы келетін жағдайлардан немесе мән-жайлардан аулақ болуы тиіс. Мүдделер қақтығысы туындаған немесе оның туындау мүмкіндігі туындаған жағдайда лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер осы ақпаратты жазбаша нысанда тікелей басшысының немесе жоғары тұрған басшылықтың, сондай-ақ Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің назарына жеткізуге міндетті.

13.4. Университет қызметкерлері мүдделер қақтығысын болдырмау, алдын алу және реттеу мақсатында:

1) университетте мүдделер қақтығысы туындауының кез келген мүмкіндігіне жол бермеу бойынша шаралар қабылдауға;

2) өзіне белгілі болған сәтте туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау ықтималдығы туралы ақпаратты университетте белгіленген рәсімдерге сәйкес ашуға;

3) өзінің функционалдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде мүдделер қақтығысының туындау тәуекелін барынша азайтуға міндетті.

13.5. Мүдделер қақтығысын болғызбау немесе реттеу мүдделер қақтығысы тарапы болып табылатын Қоғам қызметкерінің лауазымдық немесе қызметтік жағдайын өзгертуден, оны белгіленген тәртіппен қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетуден және (немесе) мүдделер қақтығысының туындауына себеп болған пайдадан бас тартудан тұруы мүмкін.

13.6. Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және ішкі (жергілікті) нормативтік актілерге, құжаттарға сәйкес үлестес тұлғаларды міндетті түрде есепке алуды жүзеге асырады.

14. Сыйлықтармен және өкілдік шығыстармен жұмыс істеудің жалпы ережелері

14.1. Университет қызметкерлері мен білім алушыларына:

1) Университет қызметін сақтауға, кеңейтуге немесе оңтайландыруға немесе қандай да бір артықшылық немесе пайда алуға әсер ететін шешімдер қабылдауға іріктемелі әсер етудің тікелей немесе жанама мақсаты бар;



2) Университет пен оның қызметкерлері үшін беделдік немесе өзге де тәуекел жасайтын;

3) қолма-қол немесе қолма-қол емес ақша қаражаты, бағалы қағаздар, бағалы металдар болып табылатын немесе ақша қаражатының және/немесе сән-салтанат заттарының өзге де түрлерін немесе баламаларын білдіретін;

4) мәні, құны және нақты жағдайы тұрғысынан ақылға қонымды болып табылмайтын іс-әрекеттер/сыйлықтар болған жағдайда кез келген сыйлықтарды/іскерлік қонақжайлық белгілерін/өкілдік шығыстарды ұсынуға, уәде беруге, сыйға тартуға, ұсынуға, талап етуге, сұрауға, қабылдауға тыйым салынады.

14.2. Университет жүзеге асыратын сатып алудың кез келген әлеуетті қатысушысынан сыйлықтар мен қонақжайлық белгілерін қабылдауға тыйым салынады. Іскерлік сыйлыққа немесе іс-шараға осы Саясаттың талаптарына сәйкес күмән туындаған жағдайда, университет қызметкері тікелей басшыға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жүгінуі керек.

14.3. Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға және жалпы танылған іскерлік практикаға қатаң сәйкестікте іскерлік сыйлықтар алмасуды және өкілдік шығыстарды, оның ішінде іскерлік қонақжайлылыққа жүзеге асыруды таниды. Қоғам іскерлік сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлылық шығындарына қатысты адалдық пен ашықтық атмосферасын қолдайды.

14.4. Мемлекеттік қызметшілермен және өзге де адамдармен сыйлықтар алмасу қолданыстағы заңнаманың, осы Саясаттың, Корпоративтік әдеп кодексінің және Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында қабылданатын өзге де ішкі (жергілікті) нормативтік актілердің, құжаттардың талаптарын бұзбауы тиіс.

14.5. Қызметкерлер сыйлықтармен алмасу кезінде басшылыққа алатын қағидаттар мен қағидалар, Қоғамдағы өкілдік шығыстардың құрамы, оларды ресімдеу және төлеу тәртібі, өкілдік іс-шараларға арналған шығыстар лимиттері, сондай-ақ өкілдік шығыстарды жүзеге асыруға құқығы бар лауазымды тұлғалардың тізбесі осы Саясатпен және Қоғамның өзге де ішкі (жергілікті) нормативтік актілерімен, құжаттарымен айқындалады.



15. Қайырымдылық қызметке және демеушілікке қатысу

15.1. Қоғам ұйымның әлеуметтік-жауапты серіктес ретіндегі имиджін қалыптастыруға бағытталған бірыңғай өңірлік саясатты жүзеге асырады. Қоғам нақты жобаларда коммерциялық артықшылықтар алу мақсатында қайырымдылық және демеушілік жобаларды қаржыландырмайды.

15.2. Қоғам мемлекет, ұйымдар өкілдерінің немесе өзге де адамдардың өз қызметін сақтауға, кеңейтуге немесе оңтайландыруға әсер ететін шешімдер қабылдауына ықпал ету мақсатында немесе егер мұндай көмек объективті түрде осындай ықпал ету әрекеті ретінде қабылданса тікелей немесе жанама мақсатта демеушілік, қайырымдылық және қаржылық көмек көрсетпейді.

15.3. Қайырымдылық қызметті, демеушілік пен қайырымдылықты, егер бұл Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қоғамның Жарғысында белгіленген қызмет түрлеріне қайшы келмесе Қоғам жүзеге асыра алады.

15.4. 15.3-тармақта көрсетілген қызмет жалпы пайдалы мақсаттарда, пайда табу мақсат болып табылмайтын ғылымды, мәдениетті, өнерді және өмірдің басқа да маңызды салаларын қолдау үшін жүзеге асырылады.

15.5. Университет қызметкерлерге өз атынан қайырымдылық және/немесе демеушілік көмек көрсетуге тыйым салмайды.

16. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер

16.1. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың өз өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануына әкеп соғуы мүмкін әрекеттерді жасауына жол бермеу мақсатында өздеріне:

1) жақын туыстарының, жұбайлары (зайыптары) мен жекжаттарының бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу;

2) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;

3) материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынған адамдардың пайдасына әрекеттері (әре-



кетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кірсе немесе осы адамдар лауазымдық жағдайына байланысты мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, оларды қабылдаубойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.

16.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың келісімін Университеттің персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) 2-қосымшаға сәйкес жазбаша нысанда тіркейді.

16.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау лауазымға қабылдаудан бас тартуға не лауазымнан шығаруға (лауазымнан босатуға) әкеп соғады, оларды сақтамау, қылмыстық жазаланатын іс-әрекет және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте олардың мемлекеттік қызметті немесе өзге де тиісті қызметті тоқтатуы үшін негіз болып табылады.

16.4. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың отбасы мүшелері материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынған адамдардың пайдасына осы адамның әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін ұсынылатын материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді алуға, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кірсе не ол өзінің лауазымдық жағдайына байланысты мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, құқылы емес.

16.5. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдарға және (немесе) олардың отбасы мүшелеріне хабардар етілмей, олардың шотына келіп түскен ақша, сондай-ақ олар алған қаражат олар анықталғаннан кейін екі аптадан аспайтын мерзімде тиісті мемлекеттік кіріс органына мұндай қаражаттың түсу мән-жайлары туралы тү-



сініктеме беріле отырып, республикалық бюджетке аударылуға жатады.

16.6. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдарға және (немесе) олардың отбасы мүшелеріне хабардар етілмей келіп түскен сыйлықтар сыйлықтың алынған күнінен бастап не адамға сыйлықтың алынғаны туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға өтеусіз берілуге жатады, ал аталған адамдарға нақ сондай мән-жайларда көрсетілген қызметтерге қызмет көрсетілген күннен бастап не адамға қызметтің көрсетілгені туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде республикалық бюджетке ақша аудару арқылы ақытөленуге тиіс.

16.7. Сыйлықты мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға берген адам жоғары тұрған лауазымды адамды хабардар ете отырып, оны «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалған құны бойынша, мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен жасалатын сатып алу-сату шарты негізінде сатып алуға құқылы.

Сыйлықтарды сатудан түскен ақша республикалық бюджетке аударылады.

17. Персоналды басқару

17.1. Университет кадрлық шешімдер қабылдау кезінде объективтілік және адалдық қағидаттарын ұстанады.

Қызметкерлерді (персоналды) жұмысқа қабылдау (жалдау), қызметін бағалау, жоғарылату және жұмыстан босату кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында, Қоғам:

1) белгіленген тәртіппен персоналды іріктеу мен жалдаудың ашық рәсімдерін және лауазымға қойылатын тиісті біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді;

2) еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдау алдында кандидаттардың сенімділігі мен мүдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан оларды жұмысқа орналастыруға тексеруді жүзеге асырады;



3) өзінің қызметінің түйінді көрсеткіштерінің және кәсіби жетістіктерінің нәтижелілігін негізге ала отырып, персоналдың қызметін бағалауды және сыйақы төлеуді жүргізеді;

4) қызметкердің іскерлік қасиеттері мен біліктілігіне қарай жоғары тұрған лауазымға жоғарылату туралы шешім қабылдайды;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша қызметкермен еңбек қатынастарын бұзу рәсімін жүзеге асырады.

17.2. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісімін университетте кадр саясатын қалыптастыруға және қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше (персоналды басқару басқармасы) лауазымға кіріскен/жұмысқа қабылдаған күннен бастап 5 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде № 2 қосымшаға сәйкес тіркейді.

17.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылданбаған жағдайда, тиісті шаралар қабылдау үшін ақпарат Университеттің Басқарма Төрағасы-Ректорының, Директорлар кеңесінің назарына жеткізіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамау жұмысқа қабылдаудан бас тартуға немесе жұмыстан шығаруға әкеп соғады.

17.4. Қоғамның лауазымды тұлғаларының/жұмыскерлерінің олардың әрекеттерінде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамауы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес өкілеттіктерді тоқтату/жұмыстан шығару үшін негіз болып табылады.

18. Контрагенттермен және өзге де тұлғалармен, ұйымдармен өзара іс-қимыл кезіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар

18.1. Қоғам сыбайлас жемқорлықты қабылдамауды декларациялайтын және Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саяса-



тын қолдайтын контрагенттермен іскерлік қарым-қатынаста болуға ұмтылады.

18.2. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың талаптары университет жеке және заңды тұлғалармен шарттық және өзге де іскерлік қатынастар орнатқан кезде ескеріледі. Университет контрагенттерден, университет өкілдерінен, басқару органдарынан және қызметкерлерден, сондай-ақ өзге де адамдардан университет шарттарында бекітілген не «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңынан тікелей туындайтын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі тиісті міндеттердің сақталуын күтеді.

18.3. Қоғам контрагенттермен және өзге де тұлғалармен, ұйымдармен ашық қаржы қызметін жүргізуді декларациялайды және әлеуетті өнім берушілер арасында адал бәсекелестік, сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы қағидаттарын қолдайды.

18.4. Университет сыбайлас жемқорлыққа тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қарым-қатынас тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігерін жұмсайды.

Осыған байланысты тәуекелдерді басқару жөніндегі уәкілетті қызметкерлер, мемлекеттік сатып алу бөлімі және университеттің басқа да мүдделі бөлімшелері:

1) оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қағидаттар мен талаптар туралы, оның ішінде осы Саясатқа ұқсас рәсімдер мен құжаттардың бар-жоғы туралы хабардар етеді;

2) олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қағидаттар мен талаптарды сақтауға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін өзара жәрдем көрсетуге әзірлігін назарға алады;

3) контрагенттердің, үшінші тұлғалардың және өзге де тұлғалардың, ұйымдардың сыбайлас жемқорлықтың, іскерлік беделдің кез келген көріністеріне және мүдделер қақтығысының болмауына мониторингті жүзеге асырады;

4) тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға сұрау салулар жіберу арқылы қылмыстық жолмен алынған қаражат-



ты жөнелтетін сенімділікке, жалған кәсіпкерлікке, салықтық және өзге де берешектің, ақша қаражаты көзінің, сондай-ақ банктің, юрисдикцияның болуына тексеру жүргізеді.

18.5. Қоғамға және оның қызметкерлеріне осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарына немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларына қайшы келетін қандай да бір іс-әрекеттер жасау үшін контрагенттерді, делдалдарды, серіктестерді, агенттерді немесе өзге де адамдарды тартуға немесе пайдалануға тыйым салынады.

18.6. Осы Саясатта көзделген қағидаттар мен талаптарды орындау мақсатында Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттарды (ескертпелерді) контрагенттермен, серіктестермен, делдалдармен, агенттермен және өзге де тұлғалармен жасалатын шарттарға енгізуді жүзеге асырады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттар (ескертпелер) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат және Қоғамда қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдер жүйесі туралы мәліметтерді қамтуға, осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтамағаны үшін өзге де адамдардың жауапкершілігін айқындауы тиіс (*№3 қосымша*).

19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастық

19.1. Құқық қорғау және уәкілетті мемлекеттік органдармен ынтымақтастық Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандарттарын декларациялайтын шынайы бейілділігінің маңызды көрсеткіші болып табылады.

19.2. Қоғам Қоғамға (қызметкерлерге) белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасалған жағдайлар туралы тиісті құқық қорғау және уәкілетті мемлекеттік органдарға хабарлау міндеттемесін өзіне алады.

19.3. Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында құқық қорғау және уәкілетті мемлекеттік органдармен мынадай мақсаттарда ынтымақтасады:

1) сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтар жасау жағдайлары туралы ақпарат беру;



2) сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтарға тергеу-тексеру жүргізу кезінде жәрдемдесу;

3) сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттер жасауға қатысы бар адамдарды, олардың орналасқан жерін анықтауға көмектеседі;

4) сыбайлас жемқорлық көріністерінің профилактикасы жөніндегі қызметті үйлестіреді;

5) сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттер жасау кезінде алынған мүлікті анықтауға ат салысады;

6) бақылау-қадағалау және құқық қорғау органдарының уәкілетті өкілдерінің Қоғамның сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі қызметіне тексерулер жүргізуі кезінде оларға жәрдем көрсетеді;

7) құқық қорғау органдарының уәкілетті өкілдеріне жедел-іздістіру іс-шараларын қоса алғанда, сыбайлас жемқорлық қылмыстардың жолын кесу және тергеп-тексеру жөніндегі іс-шараларды жүргізу кезінде жәрдем көрсетеді.

20. Қоғам қызметкерлеріне кеңес беру және оқыту

20.1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қоғам қызметкерлерін оқытуды ұйымдастыру кезінде оқытудың мақсаттары мен міндеттерін, білім алушылардың санатын, оны өткізу уақытына байланысты оқыту түрін ескеру қажет.

20.2. Оқытудың мақсаттары мен міндеттері сабақтың тақырыбы мен формасын анықтайды. Оқыту, атап айтқанда, келесі тақырып бойынша жүргізілуі мүмкін:

1) мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық (теориялық);

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін заңдық жауапкершілік (қылмыстық, әкімшілік);

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарымен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қоғамның ішкі (жергілікті) нормативтік актілерімен, құжаттарымен және оларды Қоғам қызметінде қолдану тәртібімен таныстыру (қолданбалы);



4) еңбек міндеттерін орындау кезінде мүдделер қақтығысын анықтау және шешу (қолданбалы);

5) сыбайлас жемқорлық тәуекелі жағдайындағы, атап айтқанда, мемлекеттік және жергілікті билік органдарының лауазымды тұлғалары тарапынан параны қорқытып алу жағдайларындағы мінез-құлық;

6) сыбайлас жемқорлықтың профилактикасы және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша құқық қорғау және арнайы органдармен өзара іс-қимыл жасау (қолданбалы).

20.3. Оқытуды ұйымдастыру кезінде оқытылатын адамдардың санатын ескеру қажет. Стандартты түрде оқытылатындардың келесі топтары бөлінеді: Университеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін жауапты адамдар, басқарушы қызметкерлер, басқа да қызметкерлер, студенттер. Университетте оқу топтарын қалыптастыру проблемасы туындаған жағдайда оқыту жеке кеңес берумен немесе келісім бойынша басқа ұйымдармен бірлесіп оқыту жүргізумен ауыстырылуы мүмкін.

20.4. Өткізу уақытына байланысты оқытудың келесі түрлерін анықтауға болады:

1) тікелей жұмысқа қабылданғаннан кейін сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқыту;

2) қызметкерді сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимылға байланысты міндеттерді орындауды көздейтін өзге де неғұрлым жоғары лауазымға тағайындау кезінде оқыту;

3) Университет қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы білімдері мен дағдыларын тиісті деңгейде қолдау мақсатында мерзімді оқыту;

4) қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы білімі мен дағдыларының жеткіліксіздігі себептердің бірі болып табылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруда сәтсіздіктер анықталған жағдайда қосымша оқыту.

20.5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша кеңес беру жеке тәртіппен жүзеге асырылады. Бұл жағдайда Қоғамда осындай кеңес беруге жауапты адамдар айқында-



лады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың және мүдделер қақтығысын реттеудің жеке мәселелері бойынша кеңес беруді құпия тәртіппен жүргізу ұсынылады.

21. Құпия ақпарат

21.1. Қоғам қызметкерлері атқаратын лауазымына қарамастан, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, Қоғамның өз қызметін жүзеге асыруы кезінде ақпаратты қорғау және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында қабылданатын ішкі (жергілікті) нормативтік актілердің, құжаттардың талаптарын сақтауы міндетті.

21.2. Коммерциялық, қызметтік, мемлекеттік құпияны, Қоғам қызметкерлерінің, контрагенттердің және басқалардың дербес деректерін қоса алғанда, қолжетімділігі шектеулі ақпарат жария етуге жатпайды, ал оны пайдалануды, таратуды және беруді көрсетілген құжаттармен жұмыс істеуге рұқсаты бар уәкілетті тұлғалар ғана, тек арнаулы мақсаттарда ақпараттың бұл түрін өңдеу үшін көзделген мерзімдерде жүзеге асырады.

21.3. Осы Саясаттың 21.2-тармағында санамаланған қолжетімділігі шектеулі ақпарат, егер оны осындай ақпаратқа рұқсаты жоқ тұлға алса, одан әрі жариялауға жатпайды, ал оны қорғау қолданыстағы заңнамада және Қоғамның ішкі (жергілікті) нормативтік актілерінде, құжаттарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

21.4. Қолжетімділігі шектеулі ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету бойынша көрсетілген талаптарды сақтамау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылыққа (қылмыстық, әкімшілік, тәртіптік, азаматтық-құқықтық немесе материалдық) әкеп соғуы мүмкін.

22. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабардар ету, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды қызметтік тергеп-тексеру

22.1. Университет қызметкерлері өздерінің тікелей басшыларын және университеттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметін сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасауға көндіру



мақсатында оларға жүгінген кез келген жағдайлар туралы хабардар етуге міндетті.

22.2. Кез келген қызметкерде басқа қызметкерлердің, контрагенттердің немесе университетпен өзара іс-қимыл жасайтын өзге де тұлғалардың ықтимал сыбайлас жемқорлық әрекеттері (әрекетсіздігі) туралы ақпарат пайда болған кезде бұл туралы тікелей басшысына және Университеттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне хабарлауы қажет.

22.3. Жасалған /алынған/ жасауға/алуға жоспарланған сыйлық/ өкілдік шығыс/ қонақжайлылық анықталған кезде жазбаша хабарламаның тәртібі мен нысаны осы Саясаттың № 4 қосымшасында айқындалған.

22.4. Қоғам қызметкерлері мемлекеттік қызметшілермен өзара іс-қимыл кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес дербес жауаптылықта болады.

22.5. Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы барлық хабарламалар бойынша Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі өкілдерінің және тиісті құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен ақылға қонымды мерзімде тексеру не қызметтік тергеп-тексеру жүргізіледі.

22.6. Егер тексеру (қызметтік тергеп-тексеру) нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық фактісі анықталған жағдайда, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік қағидатын негізге ала отырып, еңбек қатынастарын бұзуға және процессуалдық шешім қабылдау үшін материалдарды тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға беруге дейін түзету шараларын қабылдау тергеп-тексеруді аяқтау болып есептеледі.

23. Қызметкерлер мен білім алушылардың жауапкершілігі

23.1. Атқаратын лауазымына қарамастан Университеттің барлық қызметкерлері, білім алушылары Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарының сақталуына, сондай-ақ өзде-



ріне бағынысты тұлғалардың осы қағидаттар мен талаптарды бұзатын әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін жеке жауаптылықта болады.

23.2. Қоғам қызметкерлері мен білім алушылары сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін олардың іс-әрекеттерінде әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болған кезде тиісінше әкімшілік және қылмыстық заңнама негізінде жауаптылықта болуы тиіс.

23.3. Саясат талаптарын бұзу Университет қызметкері мәртебесімен үйлеспейтін іс-әрекет ретінде қаралуы және тәртіптік жаза қолдану үшін негіз болуы мүмкін.

24. Қорытынды ережелер

24.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қолданысқа енгізу, Саясат ережелерін қайта қарау, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі.

24.2. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қолданысқа енгізу мерзімін оны Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен күн деп есептеген жөн.

24.3. Бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Қоғамның барлық қызметкерлерінің, оның ішінде жұмысқа қабылданып отырғандардың назарына жеткізіледі және жарғылық қызметті жүзеге асыру кезінде міндетті түрде қолданылуы тиіс.

24.4. Қоғамда осы Саясаттың ережелерін сақтауға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы өткізілетін іс-шаралардың тиімділігіне жүйелі түрде мониторинг жүргізіледі.

24.5. Осы Саясатты қайта қарау және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қоғамның ішкі (жергілікті) нормативтік актілеріне, құжаттарына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайларда жүргізілуі мүмкін.



Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына № 1 қосымша

Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатымен танысқандығы туралы растау

Мен, _____ (ТАӘ)
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын оқып, зерде-легенімді
растаймын;

Мен Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа
қарсы заңнамасында белгіленген «Академик Е.А. Бөкетов атын-
дағы Қарағанды университеті» КеАҚ-тың Сыбайлас жемқорлық-
қа қарсы саясатының талаптарын қатаң сақтауға міндеттенемін;

Мен Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа
қарсы заңнамасын, «Семей қаласының Шәкәрім атындағы
университеті» КеАҚ -тың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саяса-
тын бұзған жағдайда мені Қазақстан Республикасының заңнама-
сында белгіленген тәртіппен тәртіптік және өзге де жауапкерші-
лікке тартуы мүмкін екендігі туралы хабардар етілдім.

Университетте еңбек міндеттерін орындаған сәттен бастап
толтырылған және қол қойылған растау нысаны университет қыз-
меткерінің жеке ісінде сақталады.

(күні, қолы, ТАӘ, лауазымы, құрылымдық бөлімшесі)



Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына № 2 қосымша

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісім

Мен, _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

(лауазымды, құрылымдық бөлімшені көрсету)

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына, «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КЕАҚ-тың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына сәйкес, менің өкілеттіктерімді жеке, топтық және өзге де қызмет-тік емес мүдделерде пайдалануға әкеп соғуы мүмкін әрекеттерді жасауға жол бермеу мақсатында өзіме:

1) мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;

2) жақын туыстарымның, жұбайым (зайыбым) мен жекжаттарымның бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу;

3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;

4) материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынған адамдардың пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер менің қызметтік өкілеттіктеріме кірсе немесе менің лауазымдық жағдайыма байланысты мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, оларды қабылдаубойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдаймын.



Университетте лауазымдық міндеттерін атқарған күннен бастап толтырылған және қол қойылған растау нысаны квазимемлекеттік секторда мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген тұлғалардың жеке ісінде сақталады.

(күні, қолы, ТАӘ, лауазымы, құрылымдық бөлімшесі)



Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына № 3 қосымша

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпенің нысаны мен мазмұны

1. «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ (бұдан әрі — Қоғам, Университет) Шарттың екінші Тарабын Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының қағидаттары мен талаптары туралы хабардар етеді. Шарт жасасу арқылы екінші Тарап Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатымен танысқанын растайды. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар өз қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы талаптарын сақтауына және сақтауын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын халықаралық актілерде және шет мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамалық актілерінде көзделген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасамауға міндеттенеді.

2. Шарт мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға: пара беру не алу кезінде жасалатын қасақана іс-әрекеттер, коммерциялық сатып алу немесе Тараптар қызметкерінің (қызметкерлерінің) Тараптардың заңды мүдделеріне қайшы келетін ақша, құндылықтар, сыйлықтар және өзге де мүлік я болмаса мүліктік, физикалық немесе моральдық сипаттағы көрсетілетін қызметтер түрінде пайда алу мақсатында өз қызметтік жағдайын өзге де заңсыз пайдалануы, өзі үшін немесе үшінші тұлғалар үшін өзге мүліктік құқықтарды алуы не басқа да жеке тұлғалардың аталған тұлғаға мұндай пайданы заңсыз беруі және Қазақстан Республикасының немесе Тараптар болатын және/немесе бизнес жүргізетін елдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес өзге де мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы жатады (бұдан әрі — сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар).

3. Тарапта сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық болды немесе болуы мүмкін деген негізді болжам туындаған жағдайда (сыбайлас жемқорлық қылмыс жасауға байланысты екінші Та-



раптың қызметкеріне (қызметкерлеріне) қатысты қылмыстық іс қозғау туралы ақпарат не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы өзге де анық ақпарат алған кезде), мұндай Тарап бұл туралы тиісті фактілерді көрсете отырып екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді (бұдан әрі-хабарлама) және екінші Тараптан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық болмағандығы немесе болуы мүмкін еместігі жөнінде растау алынғанға дейін Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауға құқылы. Көрсетілген растауды екінші Тарап хабарлама алынған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ұсынуы тиіс.

4. Қоғам сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны туралы анық ақпарат алған кезде және осы баптың ережелері сақталған кезде екінші Тарапқа тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты біржақты тәртіппен толық немесе ішінара орындаудан бас тартуға, сондай-ақ екінші Тараптан Шартты бұзудан келтірілген залалдың өтелуін талап етуге құқылы.



Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына № 4 қосымша

**Жасалған / алынған / жасалуы / алынуы / жоспарланған
сыйлық / өкілдік шығыс / қонақжайлылық анықталған
кездегі жазбаша хабарлама нысаны**

Мен, _____

(ТАӘ, атқаратын лауазымы, құрылымдық бөлімшесі)

осы арқылы [жасалған /алынған/ алу жоспарланған сыйлықтың /өкілдік шығыстың/ қонақжайлылықтың] анықталғандығы туралы хабарлаймын, атап айтқанда:

1. Сыйлықтың/ өкілдік шығыстың/ қонақжайлылықтың сипаттамасы:

2. Шамамен құны:

3. Сыйға тартушы туралы ақпарат:

4. Алушы туралы ақпарат:

5. Күні:

6. Орыны:

7. Сыйлықты /өкілдік шығыстарды/ қонақжайлылықты жасау/ алу негіздемесі:

8. Өзге демәліметтер:

Аталған іс-әрекеттер /сыйлық/өкілдік шығыстар/қонақжайлылық:

1) егер мұндай іс-әрекеттерсіз жағымды салдарлардың болуынеғайбыл болып, сыйға тартушы үшін қандай да бір артықшылық немесе пайда алуға әсер ететін шешімдерді Қоғамның қабылдауына таңдамалы әсер студің тікелей немесе жанама мақсаты бар;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, осы Сыбайлас жемқорлыққа



қарсы саясаттың және/немесе Қоғамның ішкі нормативтік актілерінің, құжаттарының нормаларына сәйкес келмейді;

3) егер ол туралы ақпарат ашылған жағдайда Қоғам және/немесе Қоғам қызметкері үшін беделдік және/немесе өзге де тәуекел тудырады;

4) қолма-қол немесе қолма-қол емес ақша қаражаты, бағалы қағаздар, бағалы металдар болып табылады немесе ақша қаражатының және/немесе сәндік бұйымдардың, басқа да мүліктік игіліктер мен артықшылықтардың өзге де түрлерін немесе баламаларын білдіреді;

5) зат, құндылық және нақты жағдай тұрғысынан ақылға қонымды емес деп пайымдауға негіз бар деп санаймын.

Алынған/алу жоспарланған сыйлықтың/өкілдік шығыстың/қонақжайлылықтың құны _____ теңгеден асып түседі деп пайымдауға негізі бар деп санаймын.

(күні)

(ТАӘ, қолы)



УТВЕРЖДЕН

Решением Совета директоров

НАО «Университет имени

Шакарима г.Семей» (Протокол

№ от 202 года)



АНТИКОРРУПЦИОННАЯ ПОЛИТИКА

**Некоммерческого акционерного общества
«Университет имени Шакарима г.Семей»**

Семей
2023



СОДЕРЖАНИЕ

1. Общие положения	52
2. Область применения	53
3. Термины и определения.....	54
4. Цели, задачи и принципы Антикоррупционной политики	58
5. Основные принципы противодействия коррупции.....	60
6. Ответственные за реализацию Антикоррупционной по- литики и распределение функционала	63
7. Требования антикоррупционного законодательства Рес- публики Казахстан и обязательства по его исполнению ..	65
8. Обязанности должностных лиц и работников Общества .	67
9. Основные направления антикоррупционной деятельно- сти	69
10. Превентивные меры по противодействию коррупции	70
11. Антикоррупционный стандарт.....	72
12. Меры финансового контроля, внутренний контроль и аудит	73
13. Предотвращение и урегулирование конфликта интересов	76
14. Общие правила обращения с подарками и представи- ТЕЛЬскими расходами	77
15. Участие в благотворительной деятельности и спонсор- стве.....	78
16. Антикоррупционные ограничения	79
17. Управление персоналом	81
18. Антикоррупционные меры при взаимодействии с контр- агентами и иными лицами, организациями	82
19. Сотрудничество в области противодействия коррупции .	84
20. Консультирование и обучение работников Общества.....	85
21. Конфиденциальная информация.....	86



22. Информирование о коррупционных правонарушениях, служебное расследование коррупционных правонарушений.....	87
23. Ответственность сотрудников и обучающихся.....	88
24. Заключительные положения	88
Приложение № 1.....	90
Приложение № 2.....	91
Приложение № 3.....	93
Приложение № 4.....	95



1. Общие положения

